У 2018
1037к

КЕНЖЕБАЙ БЕКПАЕВ

# Сен ән салшы
# (әндер)

## Балам Чинараға ескерткіш



АСТАНА 2007



**Кенжебай Бекпаев**

# Сен ән салшы
## (әндер)

**Балам Чинараға ескерткіш**

**АСТАНА**

**2007**

ББК 63.3
Б.84

**Кенжебай Бекпаевтың әндер жинағына пікір**

Ұсынылып отырған әндер жинағы-композитор Кенжебай Бекпаевтың кезекті туындысы. Әндер белгілі қазақ ақындары Г. Өмірзақова, Ә. Қайырбеков, Ф. Оңғарсынова, М. Айтхожинаның сөздеріне жазылған. Мәтінінің мағынасымен тығыз байланыста туындаған әуендер лирикалық жанр бағытында өрбиді. Композитор музыка тілінің қарапайым әдістері арқылы терең ойлар мен сезімдерді жеткізе алған.

Әуен құрылымында әр-түрлі тәсілдер қолданылған. Олар бірде мәтін мағынасын алға қоятын речитативті-декламациялық, яғни мәнерлеп сөйлеу түрінде болса, келесі жерде кең ауқымды, көлемді кәсіби әуен ретінде берілген. Бұны композитордың жеке стиліне тән ерекшелік деуге болады.

Осы әуендерді әрлеп, көркейтіп тұрған фортепианоның сүйемелдеуін де атап өткен жөн. Сүйемелдеудің гармониялық, фактуралық, ладтық, өлшем-ырғақтың тәсілдерінде ешқандай қарама-қайшылық жоқ. Фортепиано тілі әннің әсем әуенін барынша қолдап, көркейтіп отырады.

Күмән жоқ, К.Бекпаевтың бұл әндер жинағы тек кәсіби орындаушылардың ғана емес, жалпы музыка сүйер қауымының қолданысына ие бола алады.

Пернебек Шегебаев - өнертану ғылымының кандидаты, ҚазҰМА профессоры, Қазақстан композиторлар одағының мүшесі.

Б $\frac{0503000000}{00(05)-06}$

ISBN 9965-766-53-3

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ КІТАПХАНАСЫ
№ б/и

# Сен ән салшы

Сөзі Әділқазы Қайырбековтікі

ЖЕҢІЛ ТҮРДЕ, НӘЗІК СЕЗІММЕН




f
О-сы ән нің, ыр - ға-ғын-да жат-қан - дай, - - -
mf
жай-ма-шу - ақ, жай-ма-шу - ақ жаз күн-де-рі шы-бын-
1 2.3.4
сыз.
Сен
1 2.3.4.


ку - ты - ры - нып, қа - ғы - нып.
rit.

# СЕН ӘН САЛШЫ

Сенән салшы,
Мен тыңдайын түк үнсіз,
Жан дауасы – тірлікте тынымсыз.
Осы әннің ырғағында жатқандай,
Жаймашуақ жаз күндері шыбынсыз.

Сенән салшы,
Мен тыңдайын тамсанып,
Қу тірлікте ән – ғұмырды аңсадық.
Өзгеше бұл ән әсері шығар-ау
Өшіп бара жатқан кезде жанса үміт.

Сен ән салшы,
Мен тыңдайын елжіреп,
Жұпарымен айналасын жел – жібек,
Осы әнмен ұқтырасын, бір сырды:
Кел сағынып, кел сарғайып, кел жүдеп.

Сен ән салшы,
Мен тыңдайын қамығып,
Тағы да күз келер сырға тағынып,
Қаңбақ сезім жарға жыға жаздасын,
Қаңғалақтап, құтырынып, қағынып.

# Сен менің жанарыма жас тұндырып…

Сөзі Ф. Оңғарсынованікі

ТЕРЕҢ СЕЗІММЕН




14
о-тыр-ғы-зып кет - - - ті ме - ні ә - не бір ұ-зын
19
f
бой-лы ақ-сұр жі-гіт. Ай ар - ман, Ар-ман -
24
ай - , Ар - - - ман!


1
2
1
2
p
mf

## СЕН МЕНІҢ ЖАНАРЫМА ЖАС ТҰНДЫРЫП...

Сен менің жанарыма жас тұндырып,
Өзгеге көңіл кілтін аштың күліп.
Ошаққа отырғызып кетті мені
Әне бір ұзын бойлы ақ сұр жігіт.
Ай арман,
Арман-ай,
Арман.

Мен қалдым шыр айналып қу далада,
Жете алмай арман болған ну жағаға.
Сезгендей сүлдерімнен бір сұмдықты,
Көз алмай көп қарады туған ана.
Ай арман,
Арман-ай,
Арман.

Жаншылдым, жанар таудай биік едім,
Жоқ енді сүйенерім, сүйінерім,
Мен үшін қызығы да, қайғысы да –
бәрі бір секілді бұл дүниенің.
Ай арман,
Арман-ай,
Арман.

# Қайран Талқы таулары – ай!

Сөзі М. Айтхожинанікі

АСЫҚПАЙ, САҒЫНЫШ СЕЗІММЕН










ты шың-да-ры-ңа шы-ғар
ме - ні ар - маң жоқ
а-ла-у-ың-нан күй-іп кет-сем!
1.2.3
1
а - - - - - - - - - -
1.2.3
1


ке - шір, сен-дей сұ-лу-ды қи - ып кет-сем...

# ҚАЙРАН ТАЛҚЫ ТАУЛАРЫ-АЙ!

… Қайран Талқы таулары-ай!
Биік неткен,
Халқымның құтысың ба,
үйіп – төккен.
Шуақты шыңдарыңа
шығар мені
Арман жоқ алауыңа күйіп кетсем!

Қайран Талқы таулары-ай!
Биік неткен,
Әніңді тыңдамап ем
ұйып көптен.
Шертші бір,
Күй – кеудеңді күмбірлетіп
Ғажап емес нөсердей
құйып кетсем.

Қайран Талқы таулары-ай!
Биік неткен,
Самалың сипап жатыр
Сүйіп беттен.
Білмейтін, қадіріңді балаң кезде
Кешір, сендей сұлуды
Қиып кетсем…

# Қызыл іңір, қызыл арай, қызыл күн

Сөзі Гүлнар Өмірзақованікі

ЖЕҢІЛ ТҮРДЕ




шу - ғы-ла-дан сә-у-ле ша-шып ү - зіл-дің,
шу - ғы-ла-дан сә-у-ле ша-шып
ү-зіл-дің,
сә - у-ле ша-шып ү - зіл - дің.
f
mp


4
Ой - хой жер - ге кай-тып о - ра-лам!
mf
f

## ҚЫЗЫЛ ІҢІР, ҚЫЗЫЛ АРАЙ, ҚЫЗЫЛ КҮН

Қызыл іңір, қызыл арай, қызыл күн,
Қызыл меруерт өңін ашар жүзімнің.
Алау кешті отыр едім қызықтап,
Шұғыладан сәуле шашып үзілдің.

Қызыл іңір, қызыл көйлек үстіңде,
Ұқсамайды от жанарың ешкімге.
Өз өзімнен өртке оранып қалдым мен,
Найзағайдың жалынынан түстің бе?

Жетем дейсің жер бетіне қалай да,
Бөлегің кеп мені сосын арайға.
Жүгіресің қызыл өрттің ішінен,
Қызыл жалын жібермейді алайда.

Қызыл жалын, қызыл кешті жалаған,
Қызуына маужырайды бар адам.
Қызыл іңір ұрлап мені кетердей,
Ұрлай берсін, жерге қайтып оралам!

000001581850

Мазмұны

Сен ән салшы ................................................................................................3

Сен менің жанарыма жас тұндырып ...............................................................7

Қайран Талқы таулары-ай! ................. .....................................................11

Қызыл іңір, қызыл арай, қызыл күн ..............................................................15

Музыкалық редакторы және өңдеушісі:
*Владимир Шевченко*
Демеуші:
*Андрей Славинский*

Кенжебай Бекпаев
**Сен ән салшы**
(әндер)

Басуға 20.05.2007 ж. қол қойылды. Пішімі 60х84/16.
Офсеттік басылыс. Қағаз офсеттік.
Шартты баспа табағы 1,25.
Таралымы 500 дана.
Тапсырыс № 176.

ЕҰУ –дың баспаханасында басылды